improved, the self-feeling is satisfactory, he became more active; there are not cyanosis and dyspnea.

Key words: *congenital heart disease, post radical correction.*

Т.М. ЕСЖАНОВА

АИТВ ЖҰҚПАСЫНЫҢ ЕРТЕ АНЫҚТАУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘНІ

« Облыстық ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы» Ақтөбе қаласы

Маңыздылығы. Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы (ЖИТС) және адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) қазіргі таңда ең өзекті мәселердің бірі. Соңғы 01.05. 2011 ж. Ақтөбе облысы бойынша өсу көрсеткішімен 216 АИТВ жұқпасы бар адамдар тіркелген, 100 мың тұрғындарға шаққанда көрсеткіші -25,9%. Эпидемиологиялық жағдайдың өршуі, тұрғындардың қоныс аударуымен де байланысты. Облыс бойынша 2000 жылдан бастап, жақын шетел азаматтары арасынан тіркеле бастады 91%. АИТВ жұқпасы бар 216 адамның ішінде 49 шетел азаматтары 22,7 % құрайды. Қазақстан республикасын алғанда 100 мың тұрғындарға шаққанда 4 есеге жоғары, 6,1%. ЖИТС диагнозымен 16 адам, 11-і қайтыс болған. Жүктілікпен тіркелген- 26 әйел (қайталап жүкті болу да бар), туылған балалар саны-18. Қазіргі таңда Ақтөбе облыстық ЖИТС орталығында 104 АИТВ жұқпасы бар адамдар диспансерлік бақылауда тұр. Оның ішінде 6 ЖИТС диагнозы қойылған. Көптеген жұқпалы аурулар кезінде лимфа жүйесінің ықпалын ескеретін болсақ, АИТВ жұқпасына қарсы лимфа түйіндері жауап ретінде өзгеріске ұшырайды. АИТВ жұқпасы бар адамдарда жиі жайылмалы түрде лимфа түйіндерінің ұлғаюы кездеседі. А.П. Казанцев «Жұқпалы ауруларды ажырату диагностикасы» атты кітабында көрсетілгендей, АИТВ жұқпасы бар адамдардың басым көпшілігінде лимфаденопатия анықталады. Ең алғашқы жалғыз, ерте көрінісі де-лимфаденопатия.

Зерттеу мақсаты. АИТВ кезіндегі лимфаденопатияның тәжірибелік мәні және лимфаденопатияны анықтау, алдын алу шараларын ұсыну.

Материалдар мен әдістер. Медициналық құжаттамалар (науқастардың амбулаториялық медициналық картасы), ауру тарихы, клиникалық көріністері.

Зерттеу нәтижесі және оны талдау. Соңғы 2008-2010 жылдар аралығында диспансерлік арнайы бақылауда болған 50-АИТВ жұқпасы бар науқастардың ішінде 47 адамда (94 пайызында) лимфаденопатия анықталды. Клиникалық мысал ретінде алсақ, Р-1972 ж.т. ұзақ мерзімде жақасты, мойын лимфа түйіндерінің ұлғаюы, тамағының жұтынған кезінде аздап ауырсынуы, құрғақ жөтел шағымдарымен дәрігерге қаралған. Аймақтық дәрігер «фарингит» диагнозымен емдеп, дәрігер- хирург, онколог кеңестері жүргізілген. Алайда бірде-бір дәрігер АИТВ-ға тексеруін ұсынбаған, кейіннен 2 ай өткеннен кейін, туысқан ағасына донорлық қан қажет болғандықтан, донор ретінде АИТВ-ға тексеру кезінде жұқпа анықталған. Эпидемиологиялық анамнезіне келетін болсақ, бұрынғы Ресей елінде тұрған, сыныптастары да Ресейде жақын қарым-қатынаста болған, ойын-сауықтыру орталығында жұмыс жасайды. Осы жайттар ескерілмегендіктен бұл адам өз статусын білмей жүре берген. Лимфаденопатия алғашқы және жиі кездесетін клиникалық көрініс. Дәрігерлік қарау кезінде, лимфа түйіндерін саусақпен басып, қарағанда симметриялы, жайылмалы түрде: алдыңғы және артқы мойын, жақасты, шүйде, құлақмаңы (алдыңғы, артқы), қолтықасты, шынтақ, шап бездері ұлғайғаны, ауырсынусыз, тығыз эластикалық консистенциялы, қозғалмалы, өзара немесе шеткі ткандермен жабыспаған, шеттері анық, осы аймақтың тері жамылғысының түсі өзгермегенін анықтауға болады. Лимфа түйіндерінің диаметрі 1 см артық, екі және одан да көп, топтасқан (шап безінен басқа) 1 айдан ұзақ мерзімде сақталады. АИТВ жұқпасы бар адамдардың көңіл-күйі өзгермей, еңбек қабілеттілігі сақталады. Кейде жалғыз ғана бездерінің ұлғаюына шағымданады. Себебі белгісіз, созылмалы лимфаденопатия иммундық жүйенің нашарлағанын, АИТВ-ға тән клиникалық көріністің бірі. Сонымен қатар, басқа да клиникалық көріністермен де кездесуі мүмкін: ауыз қуысы кандидозы, ауыз қуысы бүрлі лейкоплакиясы, терінің қышып бөрітуі, тырнақ гиперпигментациясы, ауыз қуысы немесе жыныс жолдары ұшығы, болжаусыз дене салмағын жою, түсініксіз қызба.

Түйін және қортынды. Сонымен тәжірибелік дағдыға сүйене отыра, қортындылайтын болсақ, АИТВ жұқпасы бар адамдар өз статусын білмеуі де, немесе жасыруы да мүмкін. Осы жағдайға

байланысты, жайылмалы түрде лимфаденопатия АИТВ жұқпасының басым көпшілінде, жалғыз, ерте клиникалық көріністерінің бірі екенін ескере отыра, қабылдауға келген науқастарды ұқыпты түрде лимфа бездеріне көңіл бөле тұрып, қарау. Бұл, АИТВ жұқпасын ерте анықтау, дер кезінде ем беріп, асқынуларын болдырмау және де таралу жолдарының алдын-алу шараларының бірі. Қазіргі таңда АИТВ және ЖИТС ауруларының алдын-алу және оларды болдырмау мәселесі өзекті болып отыр.

Әдебиеттер:

1. Покровский В.В. басшылығымен «АИТВ жұқпасының клиникасы диагностикасы және емделуі» Москва ГЭОТАР медицина 2000 ж. 496 б:
2. Казанцев А.П. және басқалары. «Жұқпалы аурулардың ажырату диагностикасы» М.:ООО «Медициналық ақпарат орталығы » 1999 ж.-482 б.:
3. Тукеев және басқалары. «Клиникалық ЖИТС және АИТВ жұқпасы кезіндегі медициналық көмек ұсыну: клиника, диагностика, емдеушаралар қолтаңбасы» ЖИТС-тың алдын-алу және оған қарсы күрес орталығы ҚД. СМ. Алматы 2010ж.

РЕЗЮМЕ

Т.М. ЕСЖАНОВА

ПРАКТИЧЕСКИЙ ОПЫТ РАННЕГО ВЫЯВЛЕНИЯ ВИЧ-ИНФЕКЦИЙ

«Областной центр по профилактике и борьбе со СПИД» г. Актобе

Генерализованная лимфаденопатия является одним из самых ранних признаков ВИЧ- инфекции, которая первое время может почти единственным. Наблюдались 50 ВИЧ-инфицированных, из них у 47 ВИЧ инфицированных (94%) выявлено генерализованная лимфаденопатия. При этом ярких клинических симптомов не было. Учитывая малую симптоматику болезни важно обращать внимание на зпид. анамнез, клинический осмотр.

SUMMARY

T.M. YESZHANOVA

PRACTICAL EXPERIENCE OF AN EARLY REVEALING OF HIV-INFECTIONS

"The Regional center on preventive maintenance and struggle against the AIDS" Aktobe city

The generalized lymphadenopathy is one of the precursory symptoms of the HIV-infection which at first can be almost unique. 50 HIV-infected were observed, out of them 47 (94 %) were identified having the generalized lymphadenopathy. Thus there were no bright clinical symptoms. Considering small semiology of illness it is important to pay attention to the epidemiological anamnesis, clinical survey.

Т.М. ЕСЖАНОВА

АИТВ жұқпасы кезіндегі вирусты гепатит С инфекциясының клиникалық белгілерінің ерекшеліктері

«Облыстық ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы» Ақтөбе қаласы

Маңыздылығы. Вирусты гепатит С (ВГ«С») әрбір науқастың жеке басын, біздің еліміздің барша қауымын қамтитын үлкен мәселелердің бірі. Бауырдың созылмалы аурулар тобының дамуына әкелетін